

Бекітемін

«Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы
балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің меңгерушісі

А.О.Сеитова

2025-2026 ок.ж

«Математика негіздері» бойынша 2025 – 2026 оқу жылына арналған арнайы түзетім іс- әрекетіне
перспективалық жоспар (бағдарлама «Математика әлемі»; авторы Қыдырбай О.Т.)

Тірек – қимыл аппаратының бұзылыстары бар мектепалды «Гүлдер» тобы

Дефектолог: Қыдырбай О.Т.

Қыркүйек 2025 жыл	
Арнайы түзету іс-әрекеті	Арнайы түзету іс-әрекетінің міндеттері
Математика негіздері	Жыл басында балалардың жалпы деңгейін, математика негіздері бойынша даму деңгейлерін тексеру. Балаларды заттар тобының (жиынның) ортақ белгілерін табуға үйрету. Заттарды белгілі бір қасиеті бойынша топтастыру («үлкен», «кіші»). Бір жеке затты тауып көрсетуге дағдыландыру. Бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік қалыптастыру. «Бір» және «бірнеше (көп)» ұғымдарын енгізу. «Қай жерде тұр?» деген сұраққа дұрыс жауап беруге үйрету. Кеңістік қатынастарын анықтай алуын қалыптастыру. Заттардың әртүрлі қасиеттерін анықтай білуге үйрету. Заттарды берілген белгілер бойынша салыстыру және топтастыра алу дағдысын қалыптастыру. Есте сақтау қабілетін арттыру. Кеңістікте ойлау қабілетін дамыту.
Қазан 2025 жыл	
Математика негіздері	Балалардың геометриялық пішіндер туралы білім деңгейін анықтау. Үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тік төртбұрыш, сопақша, текше, шар туралы түсінік беру. Қоршаған ортадан осы пішіндерге сәйкес заттарды табуға үйрету. Заттың пішінін басқа заттармен салыстыра білу дағдысын қалыптастыру. Заттарды пішіні, көлемі және түсі бойынша ажырата алуын дамыту.

жүз

	1, 2, 3 сандарымен және оның цифрлық таңбаларымен олардың жасалу жолдарымен таныстыру. Цифрды дұрыс жазуға үйрету. Геометриялық пішіндермен байланыста қарастыру. Шығармашылық тапсырмалар арқылы зейінін, қиялын, ой-өрісін дамыту.
Қараша 2025 жыл	
Математика негіздері	Балаларды салмақты салыстыруға үйрету: ауыр – жеңіл, ауырлау – жеңілдеу ұғымдары. Заттардың салмағын салыстыру арқылы логикалық ойлауын дамыту. Балаларды уақыттың ұзақтығы («ұзақтық») терминімен таныстыру. Уақытты бағдарлай білу дағдыларын қалыптастыру (танертең – күндіз – кеш – түн). Апта күндері туралы түсініктерін нақтылау. Уақытты үнемдеу, жоспармен әрекет ету дағдыларын тәрбиелеу. 1–5 сандары туралы білімдерін бекіту. 5 саны көлемінде тура және кері санауға үйрету. Заттарды санау, салыстыру, сәйкестендіру дағдыларын дамыту. Пішіндерді ажырата білу, салыстыру, қоршаған ортадан табу дағдыларын дамыту. Балалардың ойлау қабілетін дамыту (салыстыру, талдау, қорытындылау). Сөйлеу дағдыларын, тілін дамыту. Өз бетінше жұмыс жасай алуын қалыптастыру.
Желтоқсан 2025 жыл	
Математика негіздері	1–5 сандарын тура және кері санауға үйрету, білімдерін бекіту. 0 санының пайда болуы, мағынасы және сан қатарындағы орны туралы түсінік беру. Санның заттардың кеңістікте орналасуына байланысты өзгермейтінін түсіндіру. Заттың санын оның цифрымен сәйкестендіруге үйрету. Математикалық жұмбақтарды шешу арқылы логикалық ойлауын дамыту. Өтілген геометриялық пішіндерді (шаршы, үшбұрыш, дөңгелек, сопақша және т.б.) толық қайталау. Заттардың сұлбасынан геометриялық фигураларды табу. Пішіндерді салыстыру, ажырату, қоршаған ортадан табу дағдыларын дамыту. Өлшем, ұзындық, көлем тақырыптарын толық қайталап, бекіту. Ұзын–қысқа, биік–аласа, кең–тар сияқты салыстыру ұғымдарын нақтылау. Ойлау қабілеттерін, талдау және салыстыру дағдыларын жетілдіру. Математикалық тілін, ауызша байланыстырып сөйлеуін дамыту. Зейін, есте сақтау, логикалық қорытынды шығару дағдыларын қалыптастыру.

Қаңтар 2026 жыл	
Математика негіздері	Жиын элементтерін анықтауға үйрету. Жиын ішінен белгілі бір белгі бойынша топ құру дағдысын қалыптастыру. Зейін, ойлау, талдау дағдыларын дамыту. Балаларды 6 саны және цифрымен таныстыру. 6 санының жасалу жолын көрсету. Сан мен цифрды сәйкестендіруге үйрету. Реттік санау дағдысын қалыптастыру (1–6). «Биік – аласа», «қалың – жұқа», «жуан – жіңішке», «тар – кең» сөздері арқылы салыстыруды үйрету. Заттарды көзбен және бір-бірінің үстіне қою арқылы салыстыру. Өлшемдік қатынастарды анықтау және қорытынды шығару. Зейін, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту. Шығармашылық ой-қиялын және жан-жақты ойлау дағдыларын жетілдіру. Эстетикалық талғамын қалыптастыру.
Ақпан 2026 жыл	
Математика негіздері	Балаларды 7, 8, 9 сандарымен және цифраларымен таныстыру. 9-ға дейін реттік санауға үйрету (1-ші, 2-ші, ...). 1–9 цифрларын дұрыс жаза алуын қалыптастыру. Заттар арасындағы теңдік–теңсіздік, «неше артық», «неше кем» ұғымдарын бекіту. Апта күндерімен таныстыру, олардың ретімен айту дағдыларын қалыптастыру. «Ұзын–қысқа», «кең–тар» ұғымдарымен таныстыру. Заттарды ұзындығына, еніне қарай салыстыруға жаттықтыру. Салу және беттестіру (қаттап қою, беттестіру) арқылы салыстыру тәсілдерін үйрету. Логикалық ойлауын дамыту. Салыстыру, топтастыру, талдау дағдыларын жетілдіру. Байқағыштығын, зейінін, есте сақтауын арттыру.
Наурыз 2026 жыл	
Математика негіздері	Балаларды 10 саны және цифрымен таныстыру. 10 санының жасалу жолын түсіндіру. 10 санының сандық мағынасы мен сан қатарындағы орнын түсіндіру. Тура және керә санау дағдыларын дамыту. Геометриялық пішіндерді (шаршы, үшбұрыш, дөңгелек, сопақша т.б.) және көлемді денелерді (шар, текше, цилиндр т.б.) дұрыс атап тануға жаттықтыру. Пішіндерді салыстыру, ажырату, коршаған ортадан табу дағдыларын бекіту.

	«Жоғары–төмен», «сол–оң», «алды–арт», «үстінде–астында», «ортасында–арасында» сияқты кеңістік бағытын бекіту. Көрнекі тапсырмалар арқылы кеңістікте бағдарлау дағдысын дамыту. Логикалық ойлауын дамыту (топтау, салыстыру, сәйкестендіру). Есте сақтау қабілетін жетілдіру. Қызықты тапсырмалар арқылы ойлау жылдамдығын арттыру. Зейінін тұрақтандыру.
Сәуір 2026 жыл	
Математика негіздері	Заттардың салмағын ажыратуға үйрету: ауыр – жеңіл, ауырлау – жеңілдеу. Өртүрлі заттардың тең мөлшерін анықтауға үйрету. Уақытты бағдарлай білу дағдыларын дамыту. Төрт жыл мезгілі, айлар, апта күндері туралы білімдерін кеңейту. Күндізгі және түнгі мезгілді қамтитын 24 сағаттың уақыт өлшеуіші екендігін түсіндіру. Уақыт туралы түсініктерді күнделікті өмірмен байланыстыру. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға үйрету. Реттік санауды (1-ші–10-шы) бекіту. Топтарды санау және салыстыру арқылы санның мағынасын жалпылау. Кеңістікте бағыттарды қолдана білу дағдыларын бекіту: жоғары–төмен, сол–оң, алды–арт, үстінде–астында, арасында–ортасында. Қызықты тапсырмалар арқылы кеңістіктік ойлауды дамыту. Өртүрлі пішіндерден бейне, құрастыру дағдыларын жетілдіру. Пішіндерді салыстыру, ажырата білу, қоршаған ортадан табу. Логикалық ойлауын, зейінін, есте сақтауын, талдау қабілетін жетілдіру. Қызықты тапсырмалар арқылы шығармашылық пен ойлау жылдамдығын арттыру.
Мамыр 2026 жыл	
Математика негіздері	Дамытушы ойындар арқылы балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту. Тыныс алу жаттығуларын орындау (суретпен жұмыс барысында тыныс ырғағын реттеу). Балаларды 10 санынан 1-ге дейін кері санауға үйрету. Берілген саннан бастап санау (мысалы: 3–10, 5–10). Тура және кері санау дағдыларын бекіту. Жыл бойы өткізілген жұмыстар мен тапсырмаларды балаға қайта тексеру. Баланың: сөздік қоры, лексика-грамматикалық құрылымды қолдануы, сөздерді түсінуі, математикалық түсінігі, санау дағдысы, геометриялық пішіндерді білуі, сөйлеу деңгейі сияқты көрсеткіштерін анықтау.

	Жеке жетістіктерін талдау және мониторинг жүргізу. Балалардың ойлау қабілеттерін, зейінін, қабылдауын дамыту. Логикалық байланыстарды түсіну және қолдану. Тақырыптарды қайталау арқылы білімін тиянақтау.
--	--

Бекітемін

"Ақтөбе облыстық "Нектар" арнайы
балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің меңгерушісі

А.О.Сейтова

2025-2026 оқу жылы

Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар «Гүлдер» мектепалды тобындағы
балаларға арналған «Математика негіздері» бойынша арнайы түзету
іс-әрекетінің «Математика әлемі» атты жұмыс бағдарламасы
Дефектолог: Қыдырбай О.Т.

Ақтөбе, 2025-2026 оқу жылы

«Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әдістемелік кеңесінде қаралып бекітілді

Автор– құрастырушы:

Қыдырбай Оксана Тұратайқызы - «Ақтөбе облыстық «Нектар» арнайы балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дефектолог маманы

Бұл құралда тірек – қимыл аппаратының бұзылыстары бар балалар үшін математика негіздері бойынша арнайы түзетім іс - әрекетіне арналған «Математика әлемі» атты әдістемелік нұсқау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мектепалды тобы мен педагогтеріне арналған.

Түсіндірме хат

«Математика – ақыл-ой гимнастикасы, ол баланың ойлауын дамытып, тәртіпке үйретеді».

В.А. Сухомлинский.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы негізгі міндеттердің бірі – баланың жан-жақты дамуына жағдай жасау, соның ішінде математикалық ұғымдарды меңгеру арқылы танымдық қабілеттерін жетілдіру. Бұл тек қана санауға, өлшеуге, қарапайым есептерді шешуге үйретумен шектелмейді. Математика – қоршаған ортадағы заттардың қасиеттерін, олардың арасындағы қатынастарды, тәуелділіктерді анықтауға, баланың логикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін бұл бағыт ерекше маңызға ие. Себебі, математикалық әрекет тек танымдық дамуға емес, сонымен қатар қимыл-қозғалыс дағдыларының жетілуіне, кеңістікте бағдарлауына, ұсақ моторика мен сөйлеудің дамуына ықпал етеді. Әрбір баланың мүмкіндігі мен қабілетін ескеріп, даралап оқыту әдістері қолданылады.

Мектепке дейінгі жас – баланың ойлау, есте сақтау, қиялдау, зейін сияқты психикалық процестерінің қарқынды дамидын кезеңі. Бұл жастағы балалар ойын барысында математикалық білімді табиғи түрде меңгереді. Сондықтан математикалық үйірмелер мен сабақтар тек білім беруді ғана емес, ойын арқылы әлеуметтік тәжірибе жинақтауға, өз ойы мен шешімін дәлелдеуге, қоршаған ортаға қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Негізгі мазмұндық бағыттар:

1. Мектепке дейінгі шақтағы баланың даму ерекшелігі:

- Баланың психикалық процестері (ойлау, есте сақтау, қиял, зейін) белсенді дамиды.
- Бұл кезеңде ойын – басты оқу құралы.
- Ойын арқылы балалар өз тәжірибесін кеңейтеді, логикалық байланыстар орнатады.

2. Математиканың маңызы:

- Математика – қоршаған орта мен заттар арасындағы қатынасты ұғындырудың құралы.
- Баланың логикалық ойлауын, кеңістіктік бағдарын, ұсақ моторикасын және сөйлеуін дамытады.

3. Тірек – қимыл аппаратының бұзылыстары бар балалармен жұмыс ерекшелігі:

- Баланың жеке даму қарқыны мен мүмкіндігі ескеріледі.
- Даралап оқыту, колдау көрсету – негізгі әдіс.
- Математикалық ұғымдарды тәжірибе, ойын, қимыл-қозғалыс әрекеті арқылы меңгертеді.

Мақсаты:

- Математикалық ұғымдарды меңгерту арқылы тірек – қимыл аппаратының бұзылыстары бар балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Танымдық белсенділікті дамыту
- Кеңістікте бағдарлау дағдыларын жетілдіру
- Логикалық ойлауды қалыптастыру
- Диалогтық сөйлеуді жетілдіру
- Әлеуметтік дағдыны және қимыл белсенділігін дамыту

Жұмыс формалары мен әдістері:**Формалар:**

- Ұжымдық
- Топтық
- Жеке

Әдістер:

- Ауызша: түсіндіру, әңгіме, диалог
- Практикалық: тапсырма орындау, жаттығу
- Ойын: дидактикалық, қозғалмалы, үстел үсті
- Көрнекілік: сурет, плакат, нақты заттар

Сабақтың ұйымдастырылуы:

- **Ұзақтығы:** 30 минут
- **Жиілігі:** аптасына 1 рет
- **Мөлшері:** жылына 36 сабақ
- **Құрылымы:**
 - Қарау
 - Тыңдау
 - Танымдық әңгіме
 - Шығармашылық тапсырма

Түзету-дамыту бағыттары:

- Салыстыру, өлшеу, топтастыру, санау дағдылары
- Кеңістік ұғымдары: жоғары–төмен, оң–сол
- Түстер, пішіндер, көлем, ұзын–қысқа
- Уақытты бағдарлау: алдымен, кейін
- Логикалық байланыс: себеп–салдар
- Есте сақтау мен зейін тұрақтылығын дамыту
- Диалог және еркін сөйлеу дағдыларын қалыптастыру

Дефектолог пен тәрбиешінің бірлескен жұмысы:

Дефектолог міндеттері

Жеке даму картасын жүргізу

Жеке, топтық, ойын сабақтарын жүргізу

Дидактикалық құралдарды іріктеу

Арнайы әдістермен оқыту

Тәрбиешінің функциясы

Күн тәртібін сауықтыруға негіздеу

Балалар динамикасын бақылау

Ата-анамен байланыс орнату

Түзету және сауықтыру әдістерін қолдану

Түзету жұмысына арналған әдістемелік тәсілдер:

- Баланың жетістігін мойындау
- Қателескен жағдайда қолдау көрсету
- Табыс жағдайын жасау
- Қызықты тапсырмалар беру
- Эмоциялық қауіпсіздік
- Ойын элементтері арқылы түсінікті арттыру

Теориялық негіздер:

Ғалым

Теория

Іс-тәжірибеде қолданысы

Л. С. Выготский

Жақын даму аймағы

Баланың әлеуетін ересек көмегімен ашу

Ж. Пиаже

Даму кезеңдері

Логикалық ойлау нақтыдан абстрактіге өтеді

А. Н. Леонтьев

Іс-әрекет теориясы

Түсінік нақты әрекет арқылы қалыптасады

Д. Б. Эльконин – В. В. Давыдов

Дамыта оқыту

Теориялық ойлауды дамыту, жаңалық ашу арқылы оқу

Перспективалық - тақырыптық жоспарлау

№	Тақырып	Бағдарламалық мазмұны	Сағат саны
1	«Жиын. Бір-көп. Заттарды ортақ қасиеттеріне қарай біріктіру»	Балаларды заттар тобының (жиынның) ортақ белгілерін тауып, заттарды белгілі бір қасиетіне қарай «үлкен», «кіші» деген топтарға біріктіре алуға үйрету; бір жеке затты тауып көрсету; бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік қалыптастыру; «бір» және «бірнеше» (көп) терминдерін енгізу;	1
2	«Қай жерде тұр? Кеңістікті бағдарлау	Балаларды «Қай жерде тұр?» деген сұраққа дұрыс жауап беруге, кеңістік қатынастарын анықтауға (жоғары- төмен, сол жақта –оң жақта, үстінде- астында, ортасында, арасында) үйрету; қағаз бетінде бағдарлау қаблетін (үстенде, астында, сол жақта, оң жақта) қалыптастыру, оқулық бетіндегі белгілі бір суретті табуға үйрету; Балалардың есте сақтау қабілетін, кенестікте ойлау қаблетін дамыту; ұқыптылыққа, қолындағы затты орнына қоюға тәрбиелеу, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу	1
3	Заттардың қасиеті (пішін, шама).	Балаларды заттардың түрлі қасиеттерін тауып, заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыруды, заттарды берілген белгілері бойынша топтастыруға үйрету; кеңістікте бағдарлау қабілетін күшейтуді, кеңістік қатынастарын (алдында-артында ортасында) анықтауға үйретуді жалғастыру; баланың сөйлеу және талдау қабілетін дамыту; ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиелеу.	1
4	Геометриялық фигуралар (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш)	Геометриялық пішіндер туралы білім деңгейлерін анықтау. Балаларға үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тік төртбұрыш, текше, шар туралы түсінік беру. Қоршаған ортада сәйкес пішіндегі заттарды табуға үйрету. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін және сөйлеуге дағдыландыру. Ойын арқылы танымдық қабілеттерін, логикалық ой - өрістерін дамыту. Тапсырманы ұқыпты, таза орындауға тәрбиелеу.	1
5	Геометриялық фигуралар (тік төртбұрыш, шаршы, сопақша). Төртбұрышпен таныстыру.	Шаршы, тікбұрыш, сопақша тәрізді геометриялық фигуралармен таныстыру. Заттың пішінін басқа заттармен салыстыруды үйрету. Заттарды пішіні мен көлеміне, түсіне қарай ажырата білу қабілетін қалыптастыру. М. Монтессори әдісі бойынша қол, саусақ моторикасын дамыту. Шығармашылық жұмыс істей отырып, сөздік қорларын, ой – өрісін, тілін	1

		дамыту. Балаларды ұйымшылдыққа, зеректікке баулу. Шыдамды, сабырлы, шапшаң болуға тәрбиелеу	
6	1 саны мен цифры	балаларды 1 санымен таныстыру, жазылу цифрын үйрету, мағынасын ұғындыру. ойлау, шығармашылық қабілеттерін және тілдерін дамыту. ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу	1
7	2 саны мен цифры. 2 санының жасалуы.	Балаларды 2 цифры және санымен таныстыру. 2 санының жасалу жолын көрсету, құрамын анықтауды үйрету. 1 және 2 цифрының графикалық кескіндерін ажырата білу, цифрды санмен сәйкестендіре алуға үйрету. Сабакқа деген қызығушылықтарын арттыру.	1
8	«3 саны мен цифры. 3 санының жасалуы» Кеңістік қатынастары: арасында, ортасында.	3 санының жасалу жолымен және 3 цифрымен таныстыру. 1 және 2 цифры, геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
9	Ауыр-жеңіл. Заттардың өлшемі туралы түсінік.	Салмақты бағдарлауға үйрету (ауыр-жеңіл, ауырлау, жеңілдеу). Дүкендерде қолданылатын таразы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Уақытты бағдарлауды дамыту. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
10	«4 саны мен цифры. 4 санының жасалуы».	1-ден 4-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту. Ойлау қабілетін, тілін дамыту. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
11	Уақыт бойынша бағдарлау: таңертең, күндіз, кеш, түн; бүгін, кеше, ертең, бүрсінгүні.	Балаларды «ұзақтық» (уақыт) терминімен таныстыру. Уақытты бағдарлай білуін дамыту. Уақыт туралы түсініктерін қалыптастыру. Апта күндері туралы түсініктерін нақтылау. 4 саны көлемінде тура және кері санау қабілетін ұштау, геометриялық пішіндер (шаршы, үшбұрыш, дөңгелек, сопақша т.б.) туралы білім деңгейлерін кеңейту, өз бетінше жұмыс жасай білуге, санау, салыстыру дағдыларын күнделікті тұрмыста қолдана білуге, уақытты үнемдеуге тәрбиелеу.	1
12	5 саны мен цифры. 5 санының жасалуы. Тура және кері санау.	Балаларды 5 саны мен цифрымен таныстыру. Әр мамандықтың кыр - сырын ашу. Балаларды 5 саны мен цифрасымен, жасалу жолымен таныстыру. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
13	1-5 сандары	1-5 дейінгі өткен сандарды тура және кері санау. Өтілген геометриялық пішіндерді қайталауға	1

		арналаған тапсырмалар өткізу. Кеңістікті бағдарлау, өлшемдерді, ұзындық тақырыптарын толықтай қайталап, бекіту тапсырмалары беріледі. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	
14	0 саны және цифры	0 санының пайда болуы, орны туралы мәлімет беру. Ойлау қабілеттерін жетілдіру	1
15	0-5 сандары. Жиын. Элемент. Топ.	1-5 дейінгі өткен сандарды тура және кері санау. Өтілген геометриялық пішіндерді қайталауға арналаған тапсырмалар өткізу. Кеңістікті бағдарлау, өлшемдерді, ұзындық тақырыптарын толықтай қайталап, бекіту тапсырмалары беріледі. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
16	0-5 сандарын қайталау.	Математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету, санның заттардың кеңістікте орналасуына қатысты жоктығын түсіндіру. Заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету, заттардың сұлбасынан геометриялық фигураларды табу. Ойлау қабілеттерін жетілдіру	1
17	Жиын. Элемент. Топ.	Жиын элементтерін анықтау және сол жиыннан топ құрау; Балалардың зейінін дамыту. Ойлау қабілеттерін жетілдіру	1
18	6 саны мен цифры. 6 санының жасалуы	Балаларды 6 саны және цифрымен таныстыру, жасалу жолын түсіндіру Балаларды санауға, Қорытынды санды атауға, сан мен цифрды сәйкестендіруге үйрету. Реттік санау дағдысын қалыптастыру. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету.	1
19	Биік-аласа, қалың - жұқа, кең тар. 0-ден 6-ға дейінгі сандар.	«Биік – аласа», «қалың – жұқа», «жуан – жіңішке», «тар – кең» деген сөздерді пайдалана отырып салыстыру, заттарды көзбен салыстыру, бір - бірінің үстіне қою арқылы салыстыруды үйрету. Зейін, есте сақтау қабілеті, қабылдау, шығармашылық қабілет, ой - қиялы мен жан - жакты ойлау қабілеті сынды танымдық процестерді дамыту. Эстетикалық тәрбие беру.	1
20	7 саны мен цифры. 7 санының жасалуы. Тура және кері санау.	Балаларды 7 санымен, цифрымен таныстыру, 7 санының құрамын анықтату. Апта күндері және «Жеті қазына» туралы түсінік беру. Балалардың ой-өрісін, танымдық белсенділігін, пәнге деген қызығушылығын арттыру. Баланың бос уақыттарын тиімді өткізуге, халық даналықтарын білуге, адамгершілікке тәрбиелеу.	1
21	1-7 сандары. Апта күндері. Уақытқа қатысты	Балалардың қыстап қалатын құстарды атап, олар жайлы түсініктерді кеңейту. Апта күндерімен таныстыру және жыл мезгілдерінің қайталанып	1

	ұғымдар: кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні	келуін түсіндіру. 7-ге дейін реттік санау, 1-ден 7-ге дейінгі цифрларды жаза білу. Баланың ойлау қабілетін дамыту. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	
22	Ұзын – қысқа. Кең - тар	Балаларды «ұзын қысқа», «кең-тар» ұғымдарымен таныстыру. Ұғымдарды қалыптастыруға жаттықтыру. Салу және беттерстіру арқылы салыстыру тәсілдерімен таныстыру. Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту.	1
23	8 саны мен цифры. 8 санының жасалуы.	8 саны мен цифрымен таныстыру. 1-ден 8-ге дейінгі цифрларды ажырата алу және тани білу. Баланың ойлау қабілетін дамыту. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
24	9 саны мен цифры. 9 санының жасалуы.	9 цифры және санымен таныстыру. 9 санының жасалу жолдарын түсіндіру. Заттар арасындағы теңдік және теңсіздікті қоюды, неше артық немесе кем екенін анықтап алуды үйретуді жалғастыру. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
25	10 саны мен цифры. 10 санының жасалуы.	Балаларды 10 саны және цифрымен таныстыру. 10 санының жасалуын көрсету. 10-ға дейінгі сандарды реттік санауға, заттарды санап, оларды цифрмен сәйкестендіруге үйрету. Тура және кері санауға үйрету. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
26	0-10 сандары. Тура және кері санау.	Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау, кеңістікті бағдарлау, тура және кері санау. 10 көлеміндегі сандар, реттік санау туралы білімдерін бекіту. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
27	Геометриялық денелер: шар, текше. Пирамидалармен танысу.	Көрнекілік негізінде сандардың құрамымен таныстыру. Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Геометриялық пішіндер мен денелерді дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажырата білуге жаттықтыру. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
28	Заттарды салыстыру. 0-10 дейінгі сандарды салыстыру.	Балаларды 0-10 дейінгі сандарды салыстыруға үйрету. 10 санының жасалуын көрсету. 10-ға дейінгі сандарды реттік санауға, заттарды санап, оларды цифрмен сәйкестендіруге үйрету. Тура және кері санауға үйрету. Логикалық ойлауын, есте сақтауын дамыту. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1

29	Заттарды салмағына қарай салыстыру.	Салмақты бағдарлауға үйрету (ауыр-жеңіл, ауырлау, жеңілдеу). Дүкендерде қолданылатын таразы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Уақытты бағдарлауды дамыту. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
30	1 ден 10 дейінгі сандарды салыстыру.	Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау, кеңістікті бағдарлау, тура және кері санау. 10 көлеміндегі сандар, реттік санау туралы білімдерін бекіту. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
31	Зат және оның бөліктері. Бүтін мен бөлікті салыстыру	Өртүрлі заттардың тең мөлшерін анықтай білуге, топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылауға үйрету. Бүтінді бөліктерге бөлуді дамыту. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
32	Геометриялық пішіндер және денелер.	Геометриялық пішіндер туралы білімдерін кеңейту, геометриялық пішіндерден бейнелер құра білуді жетілдіру. Санау дағдыларын дамыту: түрлі заттарды санату арқылы олардың тең немесе тең еместігін анықтау. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
33	Уақытты бағдарлау: жыл мезгілдері.	Жалпы өлшеуіштер туралы бағдар беру. Төрт жыл мезгілі, ай, апта күндері, күндізгі, түнгі мезгілді қамтитын 24 сағаттың да уақыт өлшеуіштері екендігіне мағлұмат беру. Уақытты бағдарлай біліп қалыптастыру. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
34	Қарапайым таразының көмегімен заттың салмағын өлшеу. Таразымен танысу	Балаларды таразымен таныстыру, салмақ өлшемдерін үйрету. Балалардың дамыту ойындар арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту. Тақырыпқа сәйкес суреттермен жұмыс жасай отырып, балалармен тыныс алу жаттығуларын жасау. Қауіпсіздік ережелерді сақтауға тәрбиелеу.	1
35	Өткенді пысықтау. Сандарды қайталау	Балаларды 10 санынан 1-ге дейінгі кері санауға үйрету. Өтілген тақырыптарды еске түсіру. «Ерте-кеш» ұғымдарының мағынасын түсіндіру. Берілген саннан бастап санауға үйрету. Балаларды татулыққа баулу, топтық ойында басқаларды сыйлауға үйрету	1
36	Өткенді пысықтау. Сандарды қайталау. 1 ден 10 дейінгі сандарды салыстыру.	Балалардың санау дағдыларын қалыптастыру, тура және кері санауын дамыту. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін, қабылдауын дамыту. Балалардың бойында батырлық, жігерлік	1

Тура және кері
санау.

қасиеттерді қалыптастыру.